

©NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

## САЙЛАУДАҒЫ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Лукашенко Беларусь Президенті болып қайта сайлануымен құттықтады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Президент Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан Александр Лукашенконы Беларусь Президенті болып қайта сайлануымен құттықтап, жеделхат жолдады. «Саяси жағдайдың күрделі болғанына қарамастан сайлаудың қорытындысы халық сідің Беларусь мемлекетінің егемендігі мен тәуелсіздігін нығайтуға негізделген стратегиялық бағытыңызды қолдайтынын көрсетті» делінген жеделхатта.

Президент екі ел халқының игілігі үшін Қазақстан мен Беларусь арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық алдағы уақытта да табысты дами береді деп сенетінін жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Лукашенкоға Беларусь Республикасының Президенті ретінде ойға алған барлық жоспарын толық жүзеге асыруды, ал Беларусь халқына бейбітшілік, өзара түсіністік пен өсіп-өркендеу тіледі.

## ЕЛШІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ҚҰТТЫҚТАДЫ

» АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Уильям Мозер қазақстандықтарды 10-шы тамыз – Абай күнімен қазақ тілінде құттықтады.

«Са құрметті қазақстандықтар! Сіздерді өзгеше, жөні бөлек мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Бүгін – Абай күні мерекесі! Бұл мереке – руханият пен мәдениеттің, поэзияның, Абай Құнанбайұлы салған жақсы дәстүрдің жаңғыруы, жалғасуы. Біз келешекте де Елшілікте Абай күнін атап өту үшін, Абай дәстүрін жаңғыртқымыз келеді. Абай ақын тоғызқұмалақ ойнаған. Міне, жыл сайын тоғызқұмалақ ойнаған.

## ҰЛЫ АҚЫН – ҰЛТТЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

» Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Абай күнімен құттықтады.

– Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет 10 тамызды «Абай күні» деп белгілеген болатын. Абай – ұлттың темірқазығы. Абай жолы – ізденген адамға шамшырақ, адасқан адамға туралықты көрсететін қастерлі жол. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында экономикалық ахуалдың ауырт-

палығына қарамастан, Елбасымыз Ұлы ойшылдың 150 жылдығын атап өту туралы шешім қабылдап, рухани сілкініс жасады. Биыл қаламызда Абайдың 175 жылдығына арналған шаралар жоспарланған еді. Алайда әлемдік пандемия жоспарымызды өзгертті. Шаралардың форматы онлайн болға-

нымен, мән-мазмұны өзгермейді. Абай философиясы әрқайсымыздың жүрегімізден орын алғанда ғана ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек сияқты адамдықтың үш қасиеті қалыптаспақ. Баршаңызды Абай күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын, – делінген құттықтау хатында.



## ҰЛЫ АБАЙ ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Салтанатты жиынға қатысқан филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбеков данышпанның терең ойлары мен шығармашылығы жайында парасатты сөз өрбітті.

«Абайдың қазақты сынамаған жері жоқ. Бірақ қазақты жанындай сүйді. Бір өкініштісі, Абай сынаған көп әдеттен әлі күнге арыла алмай келеміз. Қайта оның үстіне бірталай қайғы-қасірет қосылды. Біз осыдан түгел арылып, Абайды қайта түсініп, ұғынып оқуымыз қажет» деді ғалым. Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет адамзаттың

алғашқы ұстазы Аристотельден бастап, ұлы ұстаздар мен классиктердің қай-қайсымен де Абайды терезесі тең тұратын данышпан деп есептейтіндігін айтты:

– Қазақстан Жазушылар одағы мерейтойға орай ақынның поэзиялық күнтізбесін шығардық. Сонымен бірге интерактивті кітабын дайындап, оған өлеңдері, қара сөзі және әндерін енгіздік. Бұл кітапты бағалы дүние деп айтуға болады. Қазіргі күні кемеңгер тұлғаның шығармалары он тілге аударылып, оқырманға жол тарта бастады. Бұдан бөлек, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған ақынның үш томдық академиялық танымдық жинағы жарық көреді.